



Қуаныш ОСПАН

**Ауылдың
баласын**

Қуаныш ОСПАН
АУЫЛДЫҢ БАЛАСЫМЫН

(Өлеңдер)

Көкшетау
2016 жыл

**Бұл кітабымды Қазақ Елі Тәуелсіздігінің
25 жылдығына арнаймын.**

Автор.

ӘОЖ 821.512.122

ББК 84 (5 Қаз)-5

О-78

Оспан Қ.

**О-78 Ауылдың баласымын/Қуаныш Оспан –
Көкшетау: «OLIVIN» баспасы – 2016. 64 бет.**

ISBN 978-601-7462-80-2

Көкшетаулық жас ақын Қуаныш Оспанның бұл жинағына студент кезінде жазылған тырнақ алды өлеңдері мен Фейсбук парақшаларында оқырмандардан оң бағасын алған жаңа өлеңдері топтастырылған.

Қоғамның кейбір келеңсіздіктеріне бей-жай қарамай, азаматтық үн қатқан жас таланттың өз Отанына, өз еліне деген сүйіспеншілігі бүгінгі көптеген жастарға үлгі боларлық.

Жинақ көпшілік оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 821.512.122

ББК 84 (5 Қаз)-5

ISBN 978-601-7462-80-2

© Қуаныш ОСПАН, 2016

АЛҒЫ СӨЗ

Ауылдың қотанында әрлі-берлі ойнақтап, қырға ойықтап шыққан тай-құнандардай бір топ бала есіні қара тұтып, біздің үйге жиі келетін. Жер үйге келген соң ауылдары есіне түсе ме қайдам, бір-бірімен алысып-жұлысып ойнаудан шаршамайтын. Солардың ортасында басынан тақиясын шешпейтін біреуі бірде еркелеп, бірде салмақты маңғаз бола қалатын өзгешелеу мінезімен танылған-ды. Кейін алғі сары бала киген киіміне, ұстаған заттарына сөз салып жүретініне көңіл аудардым. Оюды да қалай болса солай емес, талғаммен тандайтындығы бірден байқалды. Қағытып сұрағанымда қазақтың ою-өрнектері туралы біршама мағлұматы да бар екен. Осы бір ұлтжанды жүрекке жылы сезілетін шеберлік туындысын ыждаһаттап зерттеген Өзбекәлі Жәнібековтың еңбектерін де оқыпты. Сөйтіп мен оның көрсеқызарлықтан ада пиғылына көз жеткіздім. Ұлттық оюды қадыр тұтып, қастерлеп жүргендігіне сүйсіндім.

Бір күні Мерген, Әлібек, Құрмет, Азамат, Қуаныш, Қанағат, Нұрислам бәріміз әдеттегідей думандатып отырғанымызда мен: – Әй, Қуаныш, сенің есімің әдемі ғой, Оюлы Қуаныш десе тіпті құлпырып кететін секілді. Сенің атың бұдан былай Оюлы Қуаныш болсыншы, – дедім. Бұл ұсынысымды ақын балалар да бір ауыздан құптай кетті. Сол есім жас ақынға тасқа қашалған бітік жазудай жарасты. Әрине бұл қазақ дәстүрінде бұрыннан бар өнеге. Ақан сері, Біржан сал, Үкілі Ыбырай, бабаларымыздан қалған жосын. Қазір осы сары баланы бүкіл қазақ даласы Оюлы Қуаныш деп атайды.

Оюлы Қуаныштың Фейсбук парақшасында жазылған «Жанайқай» атты бір өлеңі республика жұртшылығына лезде тарап үлгерді. Әлеуметтік желілердің бірінен біріне көшірілген жаңа өлеңді сиясы кеппей жатып, республикалық телеарналар өз хабарларына арқау етті. Осы бір өлеңді жер-жерлерде әртүрлі аудиторияларда үлкен-кішінің бәрі көздерінен жас боздап, көмейлеріне өксік кептеліп отырып, қызу талқылады. «Фариза», «Желтоқсан желі» т.б. әндерімен кең танылған белгілі композитор Әбиірбек Тінәлі бет-жүзін бұрын көрмеген көкшетаулық інісінің өлеңіне үн қосып, ән шығарғанын хабарлады. Сондай-ақ арнайы бейне-баян түсіретін ниетін білдірді.

Қоғамда аса бір резонанс тудырған өлең оқиғасы Жамбыл облысында болғаны әмбеге аян. Намысқа булыққан шешесі, ашу үстінде ақыл тоқтата алмай, толғағы жеткен қызын автокөліктің ішінде босандырып, жаңа туған шакалақ нәрестені жүріп келе жатқан бойда терезеден далаға лақтырып жіберіп, кете барады. Мұндай жантүршігерлік жағдайды естіген ел жағасын ұстап, булығып тілі байланып, дөңбекшіп ұйқыдан айрылған түнде ақын жүрегі әлде аяныштан, әлде шарасыздықтан езіліп кете жаздаған. Сонда оның қан саулаған жүрегінен осы өлең еңіреп ақтарылған еді. Ақынның жан айқайы бейкүнә сәбидің періште жүрегі болып сөйлеп, азғындық дерті жайлай бастаған керенау қоғамға шырылдап үн қатты.

Келдім кеттім.

Мен сендерге не жаздым,

Анашым-ай, осыншалық неге аздың.

Жатырыңнан сәл-ақ кеңдеу көліктен,

Басқа әлемді көрсетпедің неге аз күн?!, – деп
анасына сұрақ қойса,

*Болар ем зой қолғанатың, ермегің,
Әзірейілім боп шықтың зой сен менің.
Дәсетай-ау, алдилегің келмесе,
Баласы жоқ жанға неге бермедің?!* – деп кіндігін
құмалап үзген әжесін ғайыптан жұлқылап, жауапқа
тартты.

Әжесі жазған ондай жауапқа дайын ба шығында.
Жауапкершілігін әу бастан жоғалтып алған, кінәні
өзінен іздемей, адам өлтірген күнәһардың жауап
қайтарардай қай беті бар. Иә, мұндай бейбақтарды
«қас» деп қайтіп атарсың. Сондықтан сәбидің
шұрқыраған жаны, шырылдаған жүрегі атам заманнан
бергі қалыптасқан ұлттық тәрбиеден ажырап бара
жатқан бүкіл мұқым қазаққа шағынады:

*Қазағым-ай,
Сап-сау тудым, Ер болар ем ту алған,
Ерлігімді намысыма суарған.
Қазақ деген елдің ұлы болам деп,
Жатырыңа біткен кезде қуанғам!, – дейді.*

Бата ма осы сөздер жанымызға? Бату керек. Бату
керек..! Батпаса батпаққа әбден белшелеп батқанымыз
онда. Оюлы Қуаныштың ойлы өлеңі ойлануды
қайтып, әләуләй қуып, итендеп кеткен ессіз тобырға бір
тессауыл, саф алтындай салт-дәстүрін ұлтсызданып
келгендердің тепкісінен қалқалап, итпектеп сүйретіп
келе жатқан ұлттың жанына бір араша, демеу секілді.

Ақын шәкіртімнің өнердегі, өлеңдегі аяқ алысын
сыншы әкедей бақылап келе жатқанымға біраз жыл
болды. Орта мектепті тәмамдап, одан азын аулақ
қара жұмыс істеп көрген Қуаныш, алтынды тас пен
топырақтан ажырата алатын бала. Олай дейтінім ол

жестөбенің алтын кенін өндіретін шахтасына түскен. Жер астында алтын іздеушілердің арасында жүріп, сол ортаның өзіне тән психологиясын сезінген. Өйткені олар бір орталықтан бағындырылған өндіріс жұмысшылары емес, әрқайсылары өз күнкөрістері үшін жер астына түсіп қаракет жасаушылар еді. Жеке пайдасын көздеп жанталасқандардың арасында әр қилы жағдайлар да туындап жататын. Қысқасы ол өмірдің де өз әңгімелері жетерлік. Сондықтан ондай тақырыптағы шығармалар да Оюлы баланың ойында пісіп жатқанын білемін. Менің айтпағым алтын көрген ақынның асылды танитындығын, сөздің де парқын барлайтындығын ұқтыруға саяды.

Оқырманның ең әуелі байқайтыны Қуаныш өлеңдерінің қазақы табиғаты, ұлттық нақышы. Әркімге жақын сурет, әркімге таныс көңіл-күй сезім қылын бипаздай шергіп, бірден бауырап алады. Оның шығармашылығын талдай қарағанда тақырыптық жағынан негізгі үш топқа бөліп, безбендеуге тырыстым. Ауыл жайлы толғаныстар, рухтық желпіністер, махаббат ғазалдары. Қай-қайсысында да шынайы мазмұн, шұрайлы ойлар баршылық. Әрине басты мақсат жас дарынды қанаттандырып, сәттілік тілеу болғандықтан бұл жинаққа қалам батыра сын айтуды қош көрмедім. Үкілеген тайымды жорғасы жүре түзелер дегенд ниетпен тізгінін түйіп, жолға салып тұрмын. Енді ауыл тақырыбындағы толғаныстарына ой бойлатып оқиықшы.

Ауылым-ай, тербеген ақ бесігім,

Еске түссе жсымиям шәлкестігім.

Азан-қазан мал келген кешкі уақыт,

Менің тұңғыш тыңдаған оркестрім!, – міне,



ауылда туып, ауылда өскен бәрімізге таныс сурет. Сол сурет кім-кімді де толғандырады, сағындырады... Әрқайсымыз азаматы болғандықтан ауылдарымыз үшін алаңдаймыз. Қуаныш та мазасызданып:

*...Ауылым, ақ бесігім тербетілген,
Мақсатыма жетермін мен бекінген.
Мен ақын боп шыққанша, өтінемін,
Сен жоғалып кетпеші жер бетінен, — деп
жүрегімен алысады.*

Немесе «Көш» деген өлеңінде:

*Бүгін тағы бір үй көшпек ауылдан,
Бүгін тағы бір шаңырақ құлайды, — дейді.*

Шындық емес пе?! Адамды тұрмыс билеген соң, жұмыс іздеп қалаға көшеді.

*...Көнбеді ұлы, «көшпейік», — деп айтқан-ды,
Қария тұр нұрсыз көзі мәлиген.
Быттыр қыста бәйбішесі қайтқан-ды,
Мен де солай шығам дейтін сол үйден...— деп
қарияның қасіретін, мұңын жүрегімен сезініп, дәл
жеткізген.*

Тұрғындары азайған ауылда бала саны жетіспегендіктен мектептер шайқатылады. Жастар жағы болашағы үшін талпынады. Қарттар үйренген мекенін қимай налиды. Тағы бір шумағында:

*...Бұрын соңды шығармаған үні еді,
Мойнақ иттің ұлығаны обал-ай...*

Ит екеш ит те жұртта қаңғырып қалатындығын сезеді.

*Немересі балконды үйде тұрам деп,
Шапқылап жүр думандатып маңайды.
Әруақтарға кім оқиды Құран деп,
Шал кемсеңдеп зират жаққа қарайды, — дейді.*

Өстіп ұрпақ пен әруақтардың ортасында шарқ ұрған қарияның шарасыз кейпін көзге елестеткен ақын да қоғамның назарын ауыл тағдырына бұруға тырысады.

Жап-жас басымен сары уайымға салына бергені несі демессіздер. Уайым жей білмеген адамның шаттығында да кісі тұшынарлық ғибрат шамалы болады. Дегенмен жігіттік дәуреннің ғажайыбы басқадан өткені бір сән, ал ақынға бұйырғаны таусылмайтын тамылжыған лирика. Ғашықтық ғаламатын ақын жүрегіндегі сезініп, ақын тіліндей баяндау Алланың өзгеге ұйғармаған құбылысы. Біздің Оюлы да «Қолшатыр» деген өлеңінде:

*Жауып тұрған ақ жаңбырдан қашты ма?!
Адамдардың назарынан састы ма?!
Біздің сезім қызарақтап, ұялып,
Тығылады қол шатырдың астына.*

*Мөлдіреген қос жанарың айнадай,
Тұра алмайды тіл-аузымды байламай.
Аспандағы от-жасыннан күштірек,*

Жүрегімде ойнап жатқан найзағай, — деп
шелектеп құйған жаңбырдың астында жасын оғы
ғиген жүрегін жырлатады.

Осындай көркем кестеленген шумақтар оның поэзиясында көптеп кездеседі.

*Салқыны көңілдің, жалыны жүректің,
Тілдескен жанарлар – жарығы түнектің.
Айтпаған сырлар көп, сөнбеген сезімдер,
Ашпаған сырымды гүл еттім, – дейді ол.*

Акын махаббатының жалыны мен жарығы өлеңге айналса ешқашан қартаймайды. Ол екі жастың жүрегін жалғаған сайын жасара түседі. Қуанышқа да сондай бақытты тілеймін.

Қолдарыңыздағы бұл кітап, жас ақынның тырнақ алды жыр жинағы. Кез келген қаламгерге ең алғашқы кітабы тұңғыш баласындай тым қымбат, тым ыстық дүние. Оның қуанышы да ерекше болады, құрметті оқырман! Бәріңізді жаңа кітаптарыңызбен құттықтаймын! Шығармашылығың ғұмырлы болсын, айналайын Оюлы Қуанышым!

Құдайберлі МЫРЗАБЕК
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі

АУЫЛДАҒЫ БАЛАЛЫҚ

Балалық-ай құлындай шапқылаған,
Бәрінен де сол кезім тәтті маған.
Біреу тиіп жылатса, апам сүйіп,
Одан сайын «салар ем қаттырақ ән»

Ауылым-ай, тербеген ақ бесігім,
Еске түссе жымиям шәлкесітігім.
Азан-қазан мал келген кешкі уақыт,
Менің тұңғыш тыңдаған – оркестрім!

Бетті аймалап іңірдің салқын демі,
Сиқырлы әуен ойнайтын ал түндері.
Іргедегі қорықтан құстар шулап,
Басу айтып жататын әупілдегі.

Ал күзі ше ауылдың, күзі қандай,
Құстар қайта бастайтын бірі қалмай.
Күні-түні төгетін көздің жасын,
Аспанның да тым ерке қызы бардай.

Әкем келіп, қой баққан, сиыр баққан,
(Қойдан гөрі бізді оған қиын баққан).
Мәз-мейрам боп шай ішіп отырушы ек,
Пеш түбінде, сол қойдың қиын жаққан.

Түгін иісі қытықтап танауыңды,
Демек, үйге жанбаған шала кірді.
Апам кіріп келетін, тік көтеріп
Өзінен екі есе үлкен самауырды.

Ақ қысын да сағындым қар бораған,
Үйге қуар «тоңба» деп қамқор ағам.
Үйге кірмей қоюшы ем, «кір» дегенде,
Шыққым келмей жып-жылы мал қорадан.

Қырау тұрса ағамның қабағында,
Қар емес, ол – мейірім қарадың ба?!
«Мен тоңбаймын» – деп айтсам мәз болатын,
«Мінсең, әне, дайын тұр жабағың да!»

Еске аламын шап-шағын мектебімді,
Жақсылықты бойыма еткен үлгі.
Тіпті, сол бір сағындым мұғалімді,
Жыртып тастай беретін дәптерімді.

Жүретұғын мәз-мәйрам, күліп күнде,
Бала шақта болмайтын күдік мүлде.
Қиялилау, арманшыл сол кездерде
Алдымызда не барын біліппін бе?!

Ауылым-ай, өзгерген өңі мұңды,
Көшіп кеткен сұрама көп ұлыңды.
Дал-дал болып жыртылған дәптерімдей,
Кім желімдеп береді көңілімді?!

Қайран ауыл, жеңілден ауыры көп,
Сен көрмеген тағдырдың дауылы жоқ.
Таныса деп бар қазақ армандаушы ем,
«Қуаныш Оспановтың ауылы» деп.

Ауылым-ай, бесігім тербетілген,
Мақсатына жетпей ме, ер бекінген?!
...Мен АҚЫН боп шыққанша, өтінемін,
Сен жоғалып кетпеші жер бетінен...



КӨКШЕТАУ

Қасиеттім менің, киелім,
Сүйемін сені, сүйемін.
Өзіңді сүю – парызым,
Қалғанша қурап сүйегім!

Төсінде өткен мың дүбір,
Әңгіме бүгін мұңды бір.
Біржан, Ақанның әндері,
Көзінде жас боп тұнды кіл.

Жаныңды мендей кім ұғар?!
Жан даусың іште құмығар.
Көліңнен ұшқан қазыңда,
Үкілі Ыбырайдың үні бар!

Көліңе қазың қона алмай,
Көңілің қайтсін тоналмай.
Жаңғырмай жатыр тауың да,
Балуан Шолағың оралмай.

Еркешің де жоқ, Ерігің,
Басылды-ау қайран желігің.
Айналып бағың қонар-ау,
Айналмас, бірақ, кері күн.

Әндетпес сері Сәкен де,
Келмеске кеткен Көкен де.
Астаналық боп кетті,
Баянғали көкем де...

Кім едің Көкшем, нар едің.
Таласар бұған, кәне, кім?!
Кілең сал-сері ұлдармен,
Өзің де сері, сал едің!

Мүмкін бе, бірақ, жыламау?
Кешегі күнің мұнар-ау.
Орманыңды да сиреткен,
Жаныңның өрті шығар-ау?!

Бесігі күллі өнердің,
Дей көрме, бірақ, «көнердім».
Оралар қайта сол дәурен,
Өртеңге өскен Өлеңмін!



КВАРТИРАНТ

Құным артық болмаса да Қасымнан,
Мен де өлеңнің құзырына бас ұрғам.
Ақындардың қайғысы мен мұңы ортақ,
Бір ғасырға жалғасқан бір ғасырдан.

Менде де бар әйел менен жас бала,
Көкшетауым – о да маған Астана.
Қинайтыны – өз жерінде қазақтың,
Пәтерақы төлеп жүрмін басқаға.

Нақ өзіне айналам деп барыстың,
Байрағын ап аттанамын намыстың.
Мақтанамын, бірақ, одан қайран не,
Үйін жалдап тұрып жүрмін кәрістің?!

Болмасам да Көкшетауда бас ақын,
Жөнім жоқ-ау үй деп басым қататын.
Жиреншелер бақытты екен біздерден,
Ен далаға лашық тігіп жататын.

Елден кеткем деп әкеме «ой бағам»,
Мұндағы үйден ауылда кең қой қорам.
Жиырма төрт мың айлық неге жетеді,
Жиырма төрт сағат ойланам.

Қырсық шалған күнім жылжып ит сиген,
Кәріс – қожа, ит етін жеп, ит сүйген.
Менің барлық жалақымды жалмап ап,
Құдамдай боп құлпырып жүр киіп киген.

Қатын, балам үшеуіміз қосылып,
Қонаққа бардық бір танысқа «қосы» нық.
Мен жатырмын котедж-үйге таң қалып,
Балам жатыр ұйықтай алмай, шошынып.

Тамсанумен таңдайымды қағып құр,
(Мықты болсаң, сол сарайға барып тұр).
Қонақтан соң үйге келсем, есікте
Кәріс қожам қоңырауды қағып тұр.

P.S. Пәтерақы төлеу керек кәріске,
Әйтпесе, ол нағып тұр?! Солай...



ЖАНАЙҚАЙ

(Көліктің терезесінен лақтырылып, туа сала өлім құшқан сәбидің монологы)

Келдім. Кеттім. Мен сендерге не жаздым,
Анашым-ай, осыншалық неге аздың?!
Жатырыңнан сәл-ақ кеңдеу көліктен,
Басқа әлемді көрсетпедің неге аз күн?!

Анашым-ай,
Құлақ салшы, құрсағыңда бүрлегем,
Шаранаңмын бір күн өмір сүрмеген.
Сыртқы әлемнің салқындығын сезуші ем,
Бірақ, мұнша суықтығын білмеп ем.

Сен жылытар деп ем тәнім мұздаса,
(Алдандың ғой, жұрт сөкпес ед сізді аса)
Кім емеді айтшы соны, анашым,
Сүтке толып, ақ мамаңыз сыздаса?!

Әділдік пе туа сала өлмегім,
Маған неге сұлу есім бермедің?!
Шілдехана жасамады әкем де
Атамның да түрін неге көрмедім?!

Әжетайым,
Жанды ауыртып, кіндігімді жұлмалап,
Құтылуға асықтың-ау жылдам-ақ.
Бесігіме бөлеп қойсаң мен сенің,
Мазанды да алмас ем ғой іңгөлап.

Болар ем ғой, қолғанатың, ермегің,
Әзірейілім боп шықтың ғой сен менің.

Әжетай-ау, әдилегің келмесе,
Баласы жоқ жанға неге бермедің?!

Әулетінді тұздай құртып жоймақ па ең,
(Тілегінді қабыл етіп қойды, әттең).
Әйнегінен лақтырғанда көліктің,
Аспанға ұшып кетеді деп ойлап па ең?!

Қазағым-ай,
Сап-сау тудым, Ер болар ем ту алған,
Ерлігімді намысыма суарған.
Қазақ деген елдің ұлы болам деп,
Жатырыңа біткен кезде қуанғам!

Қазағым-ай,
Қысқа күнде қырық өлең шығарған,
Ақын ұлттың ұлы болу – ұлы арман.
Мен, әу баста, Жаратқаннан сол үшін
Мына сенің жатырыңа сұранғам!

Ей, адамдар,
Мен жолдамын, мені ұмытып кетпеңдер,
Аза тұтып жатыр маған Көк пен Жер,
Тым құрыса баспаңдаршы миымды,
Жинап алсын кептерлер!..



НЕ ДЕГЕН АДАМСЫҢДАР?!

Біз сендерді
қаламасақ та, қалаулысыңдар,
Қоясыңдар
қашан бұл елді талауды, сұмдар?!

Сайланарда
қара халыққа жалпақтайсыңдар,
Сайланған соң,
қалай кердеңдеп шалқақтайсыңдар?!

Жүрмесендер
қымбат көлікпен, үлгермейсіңдер,
Отыз бес мың теңгемен
Сендер де неге күн көрмейсіңдер?!

Жай ғана ақшасыз
тағы тарқамайсыңдар,
Қалайша құр
ақша санаудан шаршамайсыңдар?!

Көмекшілерсіз
портфельдеріңді көтермейсіңдер,
Жөні түзу бір
мәселелерді көтермейсіңдер!

Сендер неге
өз жерлеріңді жерсінбейсіңдер?!
Сендер неге
өз тілдеріңді менсінбейсіңдер?!

Баса бермей
ағайындық пен таныстықтарыңа,
Неге асылып
қалмайсыңдар, ей, галстуктарыңа?!

Қалаулылар,
елдің қалауын бере алмайсыңдар,
Онда неге
...«демалмайсыңдар»?!
P.S. Не деген адамсыңдар-ай?!



АУЫЛ СУРЕТТЕРІ

Ауыл жатыр құлаққа ұрған танадай.
Қарапайым қоңыр тірлік жадағай.
Қария-тау тізесіне бас қойып,
«Ертегі айт» деп еркелеген баладай.

Толқынында сан мың сәуле тайғанап,
Жаудырайды жағасын көл аймалап.
Ару қыздың бұла жүзі секілді,
Оймақ ауыз, алтын кірпік, айқабақ.

Көз суырып, көңіл көңшіп жайланар,
Тұма бұлақ, тұмса көрік қайда бар?!
Жасыл белден қаймақ иісі аңқиды,
Қарындағы сары майға айналар.

Бағзылардан бізге жеткен кертілмей,
Қайрақ тасы бабалардың сертіндей.
Түйе мойнақ тау үстіне еріксіз,
Жөке бұлттар жүрелейді жөңкілмей.

Көкжиектен күн еңкейіп барады,
Қыңыр шалдың баса киген бөркіндей...



КӨШ

Бүгін тағы бір үй көшпек ауылдан,
Бүгін тағы бір шаңырақ құлайды.
Қоңыр есік мәңгілікке жабылған,
Сықыр-сықыр жылап тұрған сыңайлы.

Жиналыпты көрші-қолаң бәрі де,
Қоштасып тұр көздерінде қимастық.
«Көшпендерші» – деп кейбіреу әлі де,
Қандай ыстық бауырмалдық, сыйластық?!

Көнбеді ұлы, «көшпейік» – деп айтқан-ды,
Қария тұр нұрсыз көзі мөлиген.
Былтыр қыста бәйбішесі қайтқан-ды,
«Мен де солай шығам – дейтін – сол үйден».

Бұрын-соңды шығармаған үні еді,
Мойнақ иттің ұлығаны обал-ай.
Ит те болса сезген шығар жүрегі,
Қойып еді итаяққа жоламай.

Немересі «балконды үйде тұрам» – деп,
Шапқылап жүр, думандатып маңайды.
..«Әруақтарға кім оқиды Құран?!» – деп,
Шал кемсеңдеп зират жаққа қарайды.



МЕН ҒАШЫҚ БОЛДЫМ САҒАН!*(Сүйген жарым Аяужанға)*

Сенімен алғаш танысқанымда,
 Қиялым желмен жарысқаныңда.
 «Бір жүзем өмір ағыстарыңда», –
 деп ғашық болдым мен саған!

Өзіңмен бірге жүрген кездерде,
 Сыр сөйлеп сендік күлген көздерде,
 «Қарамайтын қыз мүлдем ездерге», –
 деп ғашық болдым мен саған!

Перронда күліп сен қарсы алғанда,
 Бәрі сүйсініп, ел тамсанғанда.
 «Сүйіп қалдың ғой мен ән салғанда», –
 деп ғашық болдым мен саған!

Келін ғып елге ап қашқанымда,
 Анам мен жеңгем мақтасқаныңда.
 «Қалауын үйдің тап басқаным да!», –
 деп ғашық болдым мен саған!

Тілеуіңді бір қоса алғаныңда,
 Екі ұлыма босанғаныңда.
 «Аңсаған менің осы арманым да!», –
 деп ғашық болдым мен саған!

Өзіңсіз көрер қызықтарым жоқ,
 Өмірге келсін «бұзықтарым» көп.
 «Ғұмырын маған арнаған жансың,
 Қымбат дүниеге қызықпадың» деп,
 Мен ғашық болдым саған!

БІР ҚЫЗ

Аңсайтын, іздейтін дәйім,
Жоқ болса басатын уайым,
Ынтық боп, мен сүйген қыз бар,
Аты оның, аспанда – Айым!

Ғашығым – ұрзада, үр қыз,
Тең келмес жиналса мың қыз.
Жап-жарық, мен сүйген қыз бар,
Аты оның, көктегі – Жұлдыз!

Ол барда шабытым шалқар,
Ол барда бар мұңым тарқар.
Көзді арбап, мен сүйген қыз бар,
Аты оның, шұғыла – Гауһар!

Көргенде шаттыққа баймын,
Ұзаса ұлғаяр қайғым.
Мас болып мен сүйген қыз бар,
Аты оның, ләйліткен – Ләйлім!

Есімін жаңғыртып шатқал,
Даусымды қайталар дәп-дәл.
Мәңгілік мен сүйген қыз бар,
Аты оның, жұп-жұмсақ – Мақпал!

Бұл әлем естісін, білсін,
Ол жансыз сол әлем құрысын.
Гүл өңді, мен сүйген қыз бар,
Аты оның, жұпарлы – Гүлсім!

Ауырсам, көңіл боп қапа,
Күлкімен жасайтын ота.
Мөп-мөлдір мен сүйген қыз бар,
Аты оның, жәудір көз – Бота!

Жайнаған көктем мен жазым,
Шалқытқан жүректің сазын.
Нәп-нәзік, мен сүйген қыз бар,
Аты оның, еркелік – Назым!

Қанша жыл іздеген бағым,
Арайлап ататын таңым.
Бал шырын, мен сүйген қыз бар,
Аты оның, тәп-тәтті – Балым!

Көрмесем үдейтін шерім,
Қып-қызыл бүлдірген ерін.
Керемет мен сүйген қыз бар,
Аты оның, кер марал – Керім!

(Сұлуды қаратқан дүрміз).
Жанымда түнде де, күндіз,
Есімі әр түрлі, бірақ,
Осының барлығы – бір қыз!



ҚЫС

Қыс. Дала. Мүлгиді қарлы атырап,
Киіпті ақ ұлпадан тау да тымақ.
Осынау тыныштықты бұзбасын деп,
Жер үнсіз жатыр көктен сауға сұрап.


Тыңдайтын аспан ба оны қамқоры боп?!
(Ауысқан сұп-сұр түске қамзолы көк).
Түнерген өгей шеше қабағындай,
Бетінің, міз бақпаған қан-сөлі жоқ.

Сәлден соң, аспан тағы тымауратпақ,
Қар жауар жөтелгенде қылауғақтап.
Уфілеп демалысы жиілесе,
Жер бетін астаң-кестең бір аунатпақ.

Білесің, Арқадағы жайын қардың,
Берілген соны ойлаумен уайымға әркім.
Салбырап екі иіні қарағайдың,
Салмақтан қары талар қайыңдардың.

Наразы тоғай іші күбірлейді,
Дауылдан құлағандар тірілмейді.
Оралып үлкендердің балағына,
Бүрсендеп, бала-шілік дірілдейді.

Қалған-ау көптен бері даласырап,
Ұялас күшіктердей таласып ап.
Сырғыма қар ойнайды әрлі-берлі,
Жантайған ұзын жолдың мазасын ап.

Маужырап бұйығады түз есінеп,
Түз есінеп жатыр ма, қыз есінеп?!
Қар жапқан анау төбе, ару қыздың,
Бүгілген көрпе астында тізесі ме ед?!


Даланы аз-ақ уақыт дамылдатып,
Ұлыды бөрі-боран сарындатып.
Маң дала одан сайын бұйығады,
Көрпесін «қыз төбенің» қалыңдатып.

ЖАҢА ЖЫЛ

Тағы бір жаңа жыл басталды,
Құттықтап отырмын достарды.
Өзгеріс жоқ басқа, былтырғы –
Күнпарақ қоқысқа тасталды.

Айнала мәз-майрам күллі жұрт,
От шашу, сабылу дүрлігіп.
Ас та төк дастархан, ақ шампан,
Жылтырақ дүние – нұрлы үміт!

Ақ тілек ұялап таңдайға,
Жақсылық жазсын деп маңдайға.
Көк жәшік ішінде «көкем» де,
Білмеймін тағы да алдай ма?!

Маскарад бұл елге – ұлы сын,
Бір жылың – ысырап, күн үшін!
Санта Клаус қазақ болса егер,
Сойып жеп қояр еді бұғысын!

Лепіріп төрдегі қасқалар,
Қарызбен жұрт тағы аш қалар.
Киініп қайтемін, «Бал» үшін,
Онсыз да аз емес маскалар!

Күн көсем сөйлесе күн өбкен,
Зомби жұрт айығар түнектен.
Әкімдер мұз қала соғады,
Мұздаған қаншама жүректен.

Шыршаны айналып әсемдер,
Айналма гипноз әсерлер.
Мен үшін өзгермес ештеңе,
Қарыздар... жалдаған пәтерлер...

ГҮЛ САТУШЫ

(Бақыт ағаға)

Өмір -даңғыл, соқпақтар, бұралаңдар,
Келдің екен тиісті сыбағанды ал!
Көше кезіп жүреді миллион тағдыр,
Айналады көшеге Ұлы адамдар.

Өмір сол ғой, еленбес тірі адамдар,
Бұл сөз үшін, е, мейлі, кінәлаңдар.
Көкшетауда, Әуезов көшесінде,
Қарапайым әрі ұлы бір адам бар.

Маңайында шаттықтың үні естіліп,
Ізгілікті соңынан ілестіріп.
Күндіз-түні жүреді адамдарға,
Құшақ-құшақ мейірім үлестіріп!

Қуаныш пен жақсылық тілегені,
Тұрғындардың көбі оны білер еді.
Гүл сататын ағай – ол, қыста барсаң,
Қолыңа «жаз» ұстатып жібереді!



АЛМАТЫҒА КЕТКІМ КЕЛЕДІ...

Алматыда бір ару бар ай маңдай,
Жалғыз сөзі шер-мұңыңды шайғандай.
Тіл қату да мүмкін емес ол жанға,
Тіл-ауызың байланбай...
Алматыға кеткім келер сол үшін!

Алматыда бір ару бар таң нұрлы,
Мөлдірлігі елестетер жаңбырды.
Адам болып жаратылған періште,
«Өзгертетін» тағдырды...
Алматыға кеткім келер сол үшін!

Алматыда бір ару бар арайлы,
Күллі әлем таңдай қағып қарайды,
Жер бетінің бар сұлуы қолына,
Су құюға жарайды...
Алматыға кеткім келер сол үшін!

Алматыда бір ару бар тым ғажап,
Түйме қылып, жұлдыз сыйлар түн қадап.
Әткеншек боп Ай тербелер ол үшін,
Кемпірқосақ – сырғанақ...
Алматыға кеткім келер сол үшін!

Алматыда бір ару бар күн сүйген,
Жыңды болып кетер адам бір сүйген.
Ең керемет қасиеті ол жанның –
Қарапайым жыр сүйген...
Алматыға кеткім келер сол үшін!
Көкшетаудан кеткім келер сол үшін...

СЕЗІМ БҰЛТЫ

Көк аспанда жөңкілгенде күзгі бұлт,
Ұзатамын. Тағдырына үздігіп.
Өзім жете алмағанмен сен жаққа,
Бұлтпен бірге аттанады ізгі үміт.

Сол бұлттардың алдынан шық, тосып ал,
Алақан жай, маржан-моншақ шашылар.
Бу боп ұшып, бұлтқа барып қосылған,
Арасында жанарымның жасы бар.

Ақ жауынды қарсы алуға тиіссің,
(Қиыспайтын әлем солай қиыссын).
Ұзақ қара, тамшыларға құлаған,
Менің көзім, сендік көзбен түйіссін.

Тура қара, жауын жауса именбе,
Не жетеді тазалықты сүйгенге?!
Оң қабағым тартар менің қуанып,
Ерінің мөлдір тамшы тигенде.

Мұңайма тек, аспан мейлі, түнерсін,
Керісінше, күн бұлттанса күлерсің.
Көк аспанды көктей өтіп келетін,
Көкшетаудан көшкен бұлт деп білерсің!



ЖАННАҒА

Болғаннан соң өмірдің қысы басым,
Қуаныштан қайғының мысы басым.
Амалсыздан қисапсыз армандарды,
Өкпек желдің өтіне ұшырасың...

Қала беріп жауапсыз күйде сұрақ,
Сүлдеріңді жүресің сүйретіп ап.
Бас білдірмей бақсаң да асаулыққа,
Тастайды екен әккі өмір үйреті-ақ.

Ауыр салмақ басқанда иығыңды,
Күлкі тастап қашады миығыңды.
Будақ-будақ, өкпеден шығарасың,
Түтін қылып іштегі күйігіңді.

Ыңылдайсың әннің де қайғылысын,
Айлық үшін күн кешіп, шайлық үшін.
Мұңнан қашып, айнала жыннан қашып,
Тұрақтарсың бұл жердің қай бұрышын?!

Өз-өзіңмен көбейіп бұйығыуың,
Алладан көп пендеге иілуің.
Жаның суыр, бәріне қаның суыр,
Талайлардың көргенде сұйылуын.

Қиналғанда алынбай тас қамалдар,
Баз кешесің, ал, қандай басқа амал бар?!
Сондай сәтте жаныңда көп болса ғой,
Өзіңіздей жаны ізгі жақсы адамдар!



ДҮКЕНДЕГІ ДИАЛОГ

- Айналайын қарындас, наның бар ма?
- Про что вы говорите? По-русский можно?
- Русскийің не? Қазақсың, арың бар ма?!
- Мне, ваш казахский понять так сложно.

- Өй ақымақ, есалаң, тексіз неме!
- Что вы мне грубите? Идите не хамите.
- Ей, әкеңнің, қорлық-ай... бетсіз неме!
- Сейчас полицию вызову, айда валите!

- Еее, байғұс-ай, қыз деп ем инабатты...
Құдай саған ар-намыс сыйламапты.
- Все. Выйдите от сюда, не знаю инабата!
Училась в русской школе. Я не виновата.

Шығып кеттім. «Көрермін бәлем сені!»
Ана тілім көтерер әлі еңсені.
Өз қазағым қорлады-ау, сорлы тілім,
Мойындайтын күн бар ма әлем сені?!

Шарасыз жымқырамын ерінімді,
Құртты ғой, оңбаған қыз нервімді.
Нервімді...
Нервімді...
Әлгіден жұқты-ау.
Тфу, атаңа нәлет, орыс тілі-ай!



ҮНСІЗДІК

Тағы да кездестік, тағы сол үнсіздік,
Қайтадан мұңайдық, қайтадан күрсіндік.
Қиналып жүрмес ек, Жаратқан
Адамды жаратса мінсіз қып.

Салқыны көңілдің, жалыны жүректің,
Тілдескен жанарлар – жарығы түнектің.
Айтпаған сырлар көп, сөнбеген сезімдер,
Ашпаған сырымды гүл еттім

Жолығып ұғыспай іздейміз кеткенде,
Байланыс үзбейміз, сезімді шектерге.
Кеудеде кесек ет жылайды бұйығып,
Жымиып жай ғана күледі бетперде.

Мен сені, сен мені кетеміз түсінбей,
Кеседе шай қалар сол қалпы ішілмей.
Аңсаумен адамдар жолығады екен-ау,
Жай ғана үндемей отыру үшін де-ей.

Көз жасын бет жуған, жасырып жаңбыр деп,
Құсалы кеудеде мұңлы бір ән бүрлеп.
...Екеуміз кетеміз екіге бөлініп,
Шарасыз, бәріне кінәлі тағдыр деп...



КЕТЕМ!

Мен кетемін соонау шексіз әлемге,
тек санамда мұнартқан!
Қалдырамын өзіңе бұл жүректі
сол қалпында құмартқан.

Мен, Тәңірге жеткізейін айта ғой,
қай тілегің бармаған?!
Жер бетінде бөгелмеймін, бәрібір,
арсыздармен
арыздасу Ар маған!

Басыр болып жүргенімше құр босқа,
шексіздікке аттанам,
Пендәуи тірлігімді тәрк етіп,
Күнге барып шаттанам!

Сол әлемде қарсы аламын мен сені,
келіссең егер осыған,
Оған дейін кемпірқосақ үстінде,
шылым шегіп отырам.

Қарайлаумен отырамын мен солай,
«жынды» деме оныма,
Күндердің бір күні сен де келесің,
жүрек ұстап қолыңа!



КӨК БӨРІЛЕР ПАТШАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ АЛЛЕГОРИЯ

Табиғаты ең шұрайлы көрікті,
Мекен қылған бір тамаша қорықты.
Талай ғасыр жасап келген бұл жерде,
Қасқырлардың патшалығы болыпты.

Неше дәуір үзілмеген желісі,
Тату бопты туыс-туған ел іші.
Сол қорыққа жолатпапты жауларын,
Міне, осындай батырлықтың жемісі!

Болмақ үшін биік мақсат, армандар,
Әрқашанда өсер елде талғам бар.
Қай заманды алсаң дағы бұл жерде
Патша болған кілең текті арландар!

Қасқыр деген киелі аң ғой айбатты,
Сан жорықта құлатпаған байрақты.
Сол патшалық күндердің бір күнінде,
Қаған қылып, Барысты әкеп сайлапты.

Осы шешім болған екен күрделі,
Елдің көші жылжымапты ілгері.
Ырылдауды ұмытыпты қасқырлар,
Ұлуменен өтіп жатыр күндері.

Өмір солай аяқасты құбылып,
Жоғалыпты тектілік пен ұлылық.
Бәрі мінез кеткен екен келмеске,
Күдірейген жундері де жығылып.

Жаңа патша болмай шықты қажырлы,
Ол, мысықтан сайлапты бас уәзірді.
Білетіндер айтады көп ол жайлы,
«Ел тізгіні сонда» дейді қазіргі.

Қара мысық айласымен жеңіпті.
Бәрі де оның өтірігіне сеніпті,
Бұрын жалғыз қасқыр тұрған мекенге,
Жүз отыздай хайуан түрі келіпті.

Мұндай елде енді қандай айбын бар?
Әр хайуанның өздеріне сай дін бар.
Патшалықты құрту болған мақсаты,
Ең сұмдығы – жүз елу төрт маймыл бар!

Бұрынырақ жолай алмас маңға да,
Солар ие астық толы қамбаға.
Сорақысы – бүтін жұртты жүргізер,
Солар қожа ереже мен заңға да.

Шалқыған ел бүгін аш пен жалаңаш,
Бір-біріне «бауырым» деп қарамас.
Биігінде отырып ап күледі,
Сары маймыл, қара маймыл аралас.

Биігінде отырып ап күледі,
Екі түрлі болған менен іреңі.
Қасқыр тілі ұмытылған бұл елде,
Жалғыз, сары маймыл тілі жүреді.

Бағы тайып, қорық тозып құнарлы,
Бүгінгіден келер күні тұманды.
Ұлығаны былай тұрсын, қасқырлар
Ит секілді қыңсылауды шығарды.

Қасқыр күні міне осындай күйге енді,
Көк бөрілер бір мысықтан именді.
Тұқымында жағымпаздық жоқ халық,
Құйрықтарын бұлғаңдатып үйренді.

Сорлы жұрттың ақыл-есі ауысты,
Жоқшылық пен кедейлікке қауышты.
Барыс, мысық һәм жүз елу төрт маймыл,
Бар байлықты тонап, құртып тауысты.

Өңшең ұры тағы бір күн жиналды,
Жалған ұран ашытты көп миларды.
Ең соңында мирас болған бабадан,
Жер байлығын сатамыз деп ұйғарды.

Биліктегі мырзаларда тоқшылық,
Күйі кеткен байғұс елде жоқшылық.
Ең соңғысы жер байлығын сатпақшы,
Жер бауырлап ұлиды енді көпшілік.

Барыс - билік екі ұртын жалап тұр,
Маймылдар мен мысық елді қанап тұр
Ал бөрі жұрт, қасқыр елі үмітпен,
Көз ашпаған бөлтірікке қарап тұр...



ҚҰДАЛЫҚ

Қарап тұрсам айналама бір ауық,
Жатқанымен ай айналып, жыл ағып.
Біздің өмір – бітпейтұғын ешқашан,
Абыр-сабыр, өтіп жатқан құдалық.

Біздің өмір – өтіп жатқан құдалық,
«Бас құдалар» – шіренетін, шын алып,
Саусағына сақина сап алтыннан,
«Құдағилар» киіт киер қуанып.

Біздің өмір – өтіп жатқан құдалық,
Ара-тұра ән шырқалып, жыр ағып.
Жігіттердің түссем-ау деп көзіне,
«Құдаша қыз» жүр боянып- сыланып.

Біздің өмір – өтіп жатқан құдалық,
«Құда бала» төбелеспек сыбанып.
Көз шығарып, бас жарам деп тентектер,
Істі болған, мойынында бұғалық.

Біздің өмір – өтіп жатқан құдалық,
Біреуі арақ, ал біреуі сыра алып.
Мас болғанды мақтап, ал шын ниетпен
Елемейміз отырғанды дұға қып.

Біздің өмір – өтіп жатқан құдалық,
Бәрі көзге жақсы дейсің, құба-құп.
«Құда» сөзін, Құдай қылып өзгертер,
Бір әріпті алдық естен шығарып.

Біздің өмір – өтіп жатқан құдалық,
(Сенесіз бе, айтқан сөзім, бұл – анық).
«Құда мың жыл» деген сөзді дәлме- дәл,
Қайран бабам қалдырған-ау мұра қып.

Біздің өмір – өтіп жатқан құдалық,
Киіндірген жұртты ала-құла қып.
Мақтағым кеп тұрғаным-ай біреуді,
Кетсем бе екен бастығымнан сұранып?!

Біздің өмір – әлімсақтан құдалық,
Сөзім үшін қаламын ба сыналып?
...Жіберген ғой біз түгілі, бұл өмір
Адам менен Хауаны да құда қып!



АНТОНИМ

Ауыл, Қала – екі басқа тіршілік,
Бір-біріне бас ұрмайтын, қырсығып.
Қараңғылық тұмшаласа ауылды,
Қалада өмір басталады «күн шығып».

Ауылда түн, ұйқыда оның мал-жаны,
Естілгенше әтештердің таңғы әні.
Керісінше, күн батқан соң қаланың,
Жарқырайды шамдары мен сандары.

Ауыл түні, ұйықтауға тиісті ел,
Ал қалада арсыздықтың «миы істер».
Қора жақта бырт-бырт еткен күйістер,
Қонақ үйде шөлп-шөлп еткен сүйістер.

Ауылда жоқ шуылдаған көліктер,
Тыныштықтың музыкасын бөліп көр!
«Қысқа өлімге» аттанғанда ауылдар,
Қаладағы тіріледі «өліктер».

Екі түрлі адамдардың кереуені,
Екі бөлек уақыттың белдеуі.
Ауыл түні – еркіндіктің дамылы,
Қала түні – «тұтқындардың» серуені!



ТӨРТ ҚАЗ ТУРАЛЫ ХИКАЯ

Қаздар ұшқанда қаңқылдап төбемнен ұдай,
Мен сезбей қалам бір мұңға бөленгенімді-ай.
Керемет ән төгілер зау биігінен,
Құлақ түріп көріп пе ең өлеңге мұндай?!

Ұмыттырды өмірдің ағысы бәрін,
Ғашық болып көрді оның дауысына кім?
Бала кезде тыңдайтын әуенім еді,
Іргедегі көлшіктен қамысы қалың.

Қамыс басы құштар ән сала беруге,
Мен де ынтық ем сол көлге бара беруге.
Әкем маған айтатын «Даланың қазы
жайылады» – деп – «таң ата, алагеуімде».

«Нұр жаумайды адамға талаптанбаған,
Сондықтан, ұлы мақсатқа талаптан, балам!
Қуып жүріп ұстауға болады сол кез,
Балапанын кішкентай қанаттанбаған».

...Есімде әлі таңында ана-а-ау бір жаздың,
(Әкемнің сөзі жүретін санамызда әр күн).
Ат тұсауға барғанда үстінен түсіп,
Ұстап алғам бесеуін сарауыздардың.

Суын құйып оларға қазотын жұлып,
Қамап қойдым шығармау қажетін біліп.
Бір жұмадай өткен соң құсалықтан ба,
Біреуі өлді бесеудің сәл өкіндіріп...

Қолға үйренді қалғаны біртін де біртін,
Еркін өткен не жетсін бір күнге, шіркін!

Жайылсыншы деп қамаудан шығарсам болды,
Қалған төртеуі қашатын дүркін де дүркін.

Әлегін сол төрт қаздың ауырсынбадым,
Көрмесін деп өзгелер сағым сынғанын.
Ала жаздай қаз құдым, ұша алмас үшін
Қиып жүрдім сәл өссе қауырсындарын.

«Көрешекті төрт қаздан көресің-ау көп,
Жанын жеген ақымақ немесің-ау» деп.
Көрші кемпір ерінін сылт еткізетін,
«Қызылмай боп бейшара өлесің-ау» деп.

Сойдым ақыры төрт қазды күзге жеткенде,
Зауқым, бірақ, болмады мүлдем ет жеуге.
...Қайтыс болды сол күні көрші кемпір де,
«Өлесің» – деп – «зорығып» күлген өткенде...



САЯХАТ

Мен де бір күн саяхатқа шығамын,
«Қалай», «қайда» деп сұрарсың, шырағым.
Мен де кетем толқындарда тулаған,
Колумбтан ауыр, бірақ, сынағым.

Таныта алсам сол сынақта мықтылық,
Әлем маған қол соғады тік тұрып.
Мен жүзетін – мұхит, теңіз, көл де емес,
Қалқам, сенің қара көзің тұп-тұнық!

Бәлкім, солай тым ұзаққа кетемін,
Оған, сірә, қайта қоймас меселім.
Төзімімнен қайық жасап, содан соң
Кірпігіңнің ескек етем екеуін.

Жанарыңда жаулау үшін сананды,
Желкен керем, тастап құрлық-ғаламды.
Көзіңді ашсаң – күнім күліп төбемнен,
Жұмғаныңда – түнім басар қараңғы.

Сарқылғанша жүзем әл мен күшім де,
Қарашығың мендік болу үшін де.
Күн кешемін, өмір сүрем, өлемін,
Қажет болса көздеріңнің ішінде.

Шарқ ұрғанда мендік арман шағала,
Күлімдей сал, жақсы жанға бала да.
...Тек өтінем, жылай көрме, жыласаң –
Жаспен бірге шығып қалам жағаға.



АУЫЛДЫҢ БАЛАСЫМЫН

(әні бар)

Бойыма сіңірген дала сырын,
Көршілер табысқан жарасымын.
Ауылды сағындым шалғайдағы,
Мөлтілдеп қарашығым.

Қ-сы:

Кендігі даласының –
Құшағы анашымның.
Сағынам, себебі, мен
Ауылдың баласымын.

Ескі үйім – патшаның сарайындай,
Сендей жер әлемнен табайын ба-ай?!
Ақ селеу жамылған сайын далам,
Әкемнің самайындай.

Болса да қалада бәрі дайын,
Сағынам ауылдың сары майын.
Ауылдас, қарындас сендерді ойлап,
Жеп жүрмін сары уайым.



АУЫЛДЫ САҒЫНУ

Кендігін аңсап, көсілген салқам даланың,
Көз алдымда құлдыраңдайды бала күн.
Таңсәрілерде бозторғай үні санамда,
Шуылынан оянған кезде қаланың.

Балалық шағым оралмас алыс жұртта қап,
Отырам солай сағыныш мұңын ұрттап ап.
Ауылда сонау жүруші еді сары бала,
Қайнаған қара қазаннан ащы құрт жалап.

Ормансыз, таусыз жолбарыс жонды жотамнан,
Мендегі шабыт, мендегі сезім от алған.
Бала күнімді іздеймін сары баладай,
Қас қарайғанда бұзау іздейтін қотаннан.

Бала болған соң ойынсыз қалай жырғамақ,
Жаз асық ойнап, тебетін қыста сырғанақ.
Сары баланың өзі де әке бұл күні,
Өмір дегенің сырғанайды екен жылдам-ақ.

Кендігін аңсап, көсілген сайын даланың,
Көз алдымда құлдыраңдайды бала күн.
...Ауылдан келсе күңкілдеп жүреді әкем де:
«Әжетханасы құрып қалсын» – деп – «қаланың»...



АУЫЛҒА СӘЛЕМ

(әні бар)

Ақ жол тіледім, бауырым,
Қарама нөсер-дауылға.
Сағынышымды, жарығым,
Ала кет біздің ауылға.

Бөгелме бір сәт, бөгелме,
Тоқтама енді, қарағым.
Өзіңе берген өлеңге,
Сағынышымды орадым.


Қарызым – бұл ән бәріне,
Апарып елге қайтып бер.
Жинап ап, жас пен кәріге,
Әнімді шырқап айтып бер!

Балалығымды қалдырған,
Көк майса балғын құраққа.
Сағынышымды жаңғырған,
Қой баққан, айтшы, қыратқа.

Жастық шақтағы мұңдасым,
Естісін мөлдір қайнарым.
Тезірек апар, тыңдасын,
Ат шідерлеген сайларым.

Ал, сәтті болсын қадамың,
Қалмағай жолда тосылып.
Табиғат, аң-құс, адамы,
Әнімді салсын қосылып.

Жарамас ұзақ қоштасқан,
Көңілім босар, шер үдеп.
Сәлем айт елге көп тосқан,
«Сағынды ұлың сені» – деп.



ТҮН немесе АУЫЛҒА ДЕГЕН САҒЫНЫШ

Бір әдемі нұрға бөлеп аспанды,
Күн жоқ кезде ай жасайды бастаңғы.
Жер төсіне сәуле болып сырғанап,
Жұлдыздардың жанарынан жас тамды.

Сағындырып ауылдағы тәтті шақ,
Не қып жүрмін бұл қалада жат құсап?!
Боз жусанды иіскеп-иіскеп жатырмын,
Шабытымның шалғынына ат тұсап.

Қиялыммен ен далаға жортамын,
(Көркі болмай көңілдегі ортаның).
Жұлдыздардан гүл теремін содан соң,
Ауылыммен аспан ғана – ортағым.

Осы түннен өзгеше бір жөн ұғып,
Ойым неге кете бердің бөлініп?
Қаланың көп сансыз шамы сұрқия,
Жұлдыздармен бақталастай көрініп.

Жүрегіме сала алмаймын еш тыйым,
Бұл қаланың құны маған – бес тиын.
Маған қымбат – биіктегі пәтерден,
Ауылдағы жатағандау ескі үйім.

Жұлдызшыдай аспаныма емініп,
Терезеге қарай берем телміріп.
...Көзім алды бұлдыр тартып әйнекке,
Айым менің сыймай кетті семіріп...
Кірпігіңді көздеріңе перде қып,

ӨМІР

Өз-өзіммен отырамын кешкілік,
Ой түбінен жылт-жылт етіп ескі үміт.
Жан дүнием азынайды жүректен,
Өткен күннің жаназасы естіліп.

Қырсық шалған күнім жылжып бертінгі,
Езгі өмірден шығара алмай еркімді.
Мөлт-мөлт етіп қарашықтан сырғанар,
Көз жасымнан көкірекке шер тұнды.

Жырға айналып кешегілер сәтті ойдан,
Етістіктің өткені деп шақ қойғам.
«Өмір» деген күнделіктің жазылып,
Ең алғашқы беттерінде қап қойған.

Өмір – солай, таң артынан таң атқан,
Бір жағы – жез, бір жағы – алтын
жалатқан.
Солай жазған құтылмайсың сен одан,
Бала күнгі қашқаныңдай сабақтан.

Өксік өлең, күңіренген ескі мұң,
Кетті арманым жалында ойнап бестінің.
Тізгінінен асау өмір ұстатпай,
Өтер солай, шолақ сапты бес күнім...



НЕКЕ

Сен жатырсың құшағымда тербеліп.
Жалғыз бөлме, жалғыз төсек, екеуміз –
Қос жүректі ынтықтырған пенделік.

Тар төсекте екі дене қабысып,
Ойнақтайды тамырымда қан ысып.
Күн жарықта ұялатын еріндер
...қараңғыда табысып.

Жүрегіңнен естімеген ән естіп,
Қолым өрлеп, ақ төсінді белес қып.
Мендік сезім – жай құштарлық емес түк,
Кешір, сәулем, менен кетсе, әбестік.

Артық сөздер күбір-сыбыр тыйылып,
Тығыласың құшағыма бұйығып.
Осы сәтті көп аңсаған қос жүрек
Махаббаттың Тәңіріне сиынып.

Тоқтай қалдық тасқа тиіп шекеміз,
Ақ сезімге түспесін деп бөтен із.
...Бәлкім, алда екі жаққа кетеміз,
Біздің әлі қиылған жоқ некеміз...



ЖОЛ

Зулап келем, тағы жолда, жолдамын,
Жол үстінде түпсіз ойға шомғамын.
Бүгінгі күй мүлде басқа, бір бөлек,
Неге бұлай, о, Тәңірім, сорладым?!

Бүгін неге басқашамын, өзгемін?!
Бәлкім, бұлай болатынын, сезгемін...
Шығарып та салмадың-ау болмаса,
Қылығыңа жетер енді, төзбедім!

Қара жолдың өн бойына бас ұрып,
Армандарым қалып жатыр шашылып....
Көзқарасың білдірді ғой анығын,
«Сүйемін», – деп айту енді асылық!

Сен емес пе сезімдерді шектеген,
Осы ма еді енді маған жетпеген?!
Ұнатушы ем саған келіп-кеткенді,
Бұдан былай жол жүруді жек көрем.

Көз алдымда тұрып алды мұң күліп,
Жалғыздығым – таптырмайтын құндылық.
Енді саған келемін бе, келмеспін,
Керек десең, менде де бар жындылық!..

Қара жолға батқан тастай шорлана,
Жүрегімде жара қалды, сол ғана.
.. Сезім емес, арамызды жалғаған
Ұзақ-ұзақ шұбатылған жол ғана.

Ия, ия, сол ғана...



АҚ КӨЙЛЕК

Ақ көйлегің иығыңа асылып,
Мүсініңді жанарымнан жасырып.
Көйлегіңнің астындағы қос төбе,
Көтеріліп, басылып.

Ақ көйлекті сипап жатқан бұрымың –
Ақ айдынға тартқан аспа көпірдей.
Айта алмасам келбетіңді жыр етіп,
Көкірегім көр болып,
Сол қапаста ақындығым өкіргей!

Аймаласа ақ көйлектің етегі,
Шоршып түсер ақ сазандай балтырың,
Мені есімнен алжастырып барады,
Қалдырмастан төзіміңнің тамтығын...

Аппақ қардан тоқылса егер көйлегің,
От сезіммен ерітіп-ақ жіберем.
Тұрған менен жасырып бар тәніңді,
Башпайыңа түскенде,
Көйлегіңді кекетіп бір күлер ем...

Санамды бұл сайтан-ойым билесін,
Ақындығым сынсын, мейлі, күйресін.
Өлтірмесең өбейінші тезірек,
Ағытсаңшы ақ көйлектің түймесін.

Ақ көйлекке кектенгендей боламын,
«Қап, бәлем-ай, уысыма түсерсің».
...Кетсем егер құшағыңда тұншығып,
Кебінімді ақ көйлектен пішерсің...

ӨСЕК

Сенбе, жаным, бұл жұрттың өсегіне,
Өсектен тұман басты көшені де.
Сен тұрғанда ант етем басқа жанның,
Сүйресе де бармаспын төсегіне.

Сенерсің, әйел заты сенгіш, бірақ,
Керек емес, шын айтам, сенсіз жұмақ.
Сайтанның сандырағы – өсек десе,
Естіп-ақ қояды осы кеміс құлақ.

Кетпе, кетпе өсектің өлкесіне,
Көз салмаспын басқаның еркесіне.
Сен тұрғанда, алтыным, ортақ болман,
Ашық жатқан ханшаның көрпесіне!

Өсек қой мынау елдің аңдығаны,
Қызғанышқа май құйып, жандырады.
Еркіне қоя берсең есер елді,
Өсегін кешке бастап, таңға ұрады.

Қалдырып өзіңді-өзің кекесінге,
Сезіміме қиянат етесің бе?!
Жаным-ау, тұра тұршы, өсекке еріп,
Шынымен кетесің бе?
Өсектің өлкесіне...



БІР ҮЗІК СЫР

Кешір, қалқам, мен сендік емен,
Себебін сұрама енді менен.
Өтінем, жалынба, жүрегіңде
Қалмасын шерлі-шемен.

Өз ісімнен, еһ, түршігемін,
(Мен өзім сондай бір қырсық едім).
Ғашық боп, қалғаның не,
Сол үшін күрсінемін?!

Өтініш сол, тіл ұшында,
Басы артық мұң ұсынба!
Сезіміңді де үйдің осы,
Қалдыршы бұрышында.

Жүрегімді жайып бүгін,
Сырымды ашсам лайық бүгін.
Мен сені сүйе алмаймын –
Сол үшін де айыптымын.

Сұраймын да кешірімді,
Өзгерте алман шешімімді.
Үйіңе оралшы, есіңнен шығар,
Ұмыттым есіміңді...
...Есімің кім еді?



ҚОШ БОЛ

Алыстап барам, алыстап,
Отарба жүрдек қарыштап.
Алынбайды, әттең, жүрегім
Кетер ем саған табыстап.

Сүлдерімді әрең сүйреттім,
Қу жалған мені күйретті.
Қайғыға толды жүрегім,
Тас пен құмға толатын,
Бөтегесіндей үйректің.

Өзіңмен қашан кезігем,
Қайғыдан бордай езілем.
Мен өзімді мұздаған,
Оты жоқ пештей сезінем.

Қуаныштан қалыс қап,
Құр үнсіз іштен дабыстап.
Жаратқанға тапсырып,
Алыстап барам, алыстап.

Малынып мұңға малмандай,
Арманым өлді жанданбай.
... Тек тәнім ғана – пойызда,
Ал, жаным сенде қалғандай...

Қош бол...



ТҮН ТҰҢҒИЫҒЫНДА

Мүлгіген, маужыраған қап-қара түн,
Жұлдыздар көктен беріп ақпаратын.
Сезімім әр түн сайын елші болып,
Өзіңе жырға айналып аттанатын.

Төккенде талмаусырап түн сымбатын,
Қолыңа жетті ме, ару, үшкіл-хатым?!
Білмесін сырымызды жел де мынау,
Күбірлеп өсек айтқан «күншіл қатын».

Ерніңнен бал тамғанда ыссы бұлақ,
Бел болсын төсегіміз түсті құрақ.
Күн нұрын төгіп тұрған тал түстерден,
Осы түн әлдеқайда ыстығырақ.

Иіскеуден тарқатылсын өрген бұрым,
Мінгіссе шоқтығына желген жырым.
...Емеуірін танытсаң «кел» деп қана,
Алып-ұшып жетейін желден бұрын...



ЖҮЗІК

*«Қорланымның көзі болған жүзіктен
Өтінемін, өзіммен бір жерлесін.»*

Естай ақынның аманаты:

«Ғашықтық ғаламаты»

М. Шаханов.

Сезімінің бір сабақтай үзігі,
Қолымда жүр сүйіктімнің жүзігі.
Тек сол болып көрінеді мен үшін,
Қызығы жоқ мына өмірдің қызығы.

Тақпас едім жүзік болса бос егер,
Әр оюы – естелік боп төселер.
Көрінгендей бетіндегі бедерден,
Біз қыдырған көшелер.

«Сүйіктім», – деп арманыма өрмелеп,
Мәңгі есімде билеген кеш дөңгелеп.
Қоштасарда жанарыңдағы тамшы жас,
Қолымда кетті жүзігің болып дөңгелек.

Ғашығыммен тәтті күндер біліскен,
Сарқылар-ау, үзілер ақтық тыныспен.
Естай кетсе о дүниеге алтынмен,
Мен кетермін – күміспен....



ҚОЛШАТЫР

Ақ жауынның басылмауын қаладым,
Қуаныштан бал-бұл жанған жамалың.
Екі жүрек бір қолшатыр көтеріп,
Келе жатыр көшесімен қаланың.

Жауып тұрған ақ нәсерден қашты ма,
Адамдардың назарынан састы ма?
Біздің сезім қызарақтап, ұялып,
Тығылады қолшатырдың астына.

Қос жанарың мөлдіреген айнадай,
Тұра алмайды – тіл-аузымды байламай.
Аспандағы от-жасыннан күштірек,
Жүрегімде ойнап жатқан найзағай.

Іңкәрім-ау, қуанышқа бөленген,
Сені жаным тербетейін өлеңмен.
Ашық аспан – қолымдағы қолшатыр,
Шыр айналсын дөңгеленіп төбеңнен.

Тамшыларға жүзін тосып қала тұр,
Мендік жүрек байыз таппай баратыр.
Сен де солай бетіңді тос сүйейін,
Жұрт көрмесін, қолшатырмен жаба тұр.

Ақ жауыннан аппақ сенім гүлдесін,
Қоштассақ та жүрегіммен біргесің.
...Ертең тағы жолығайық, жаным, тек
Қолшатырың үйде қалып жүрмесін.

ҚҰДАШ АҒАМА!

Өр ұлы Көкшетаудың кие қонған,
Өлеңде жығылмаған түйе-балуан.
Елуге келді ерің емен-жарқын,
Ақаннан қалған сөзге ие болған.

Мінгізер жалғыз атын ұнаса адам,
Жұбатар жақын келіп жыласа адам.
Құдайберлі Мырзабекті танымаймын,
Мен айтып жатқан кісі – Құдаш ағам!

Жалғасып Ақандардың кешегі әні,
Жүре бер жүзге дейін есен әлі.
Жарасады «Көкшетаудың Құдашы» емес,
«Құдаштың Көкшетауы» десе дағы.

Шау тарттым деп отырмай белің жазып,
Жүре бер өлең-жырдың кенін қазып.
Сен ашқан «Темірқазық» тараған жоқ,
Өзіңсің кейінгіге – Темірқазық.

Болғанмен Рахымбектің ұлы жалғыз,
Көтергені атанның жүгі нағыз.
Өзіңнің бала-шағаң жетсе дағы,
Біз де кеп қанатыңа тығыламыз.

Мақтаудан кенде емессің сыбағаңа,
Десе де ағам татыр мың ағаңа.
Елуде қызға қолың жетпес деуші ед,
Қыздардың қолы жетпей жүр ағам!

Дейтұғын жақсылармен жарасып өт,
Жүретін інілердің панасы боп.
Менің жаным ашиды, ойлағанда,
Адамға Құдаштайын ағасы жоқ.

Ашатын «Оюлым» деп дара құшақ,
Кетесің қолтығы кең далаға ұқсап.
Басқаларға іш тартсаң кейде жібіп,
Қызғанып қала берем бала құсап.

Сен барда аға, ініңнің белі бекем,
Туған ағам болсаң да тегің бөтен.
Көкенді «көкем» десең сен құрметтеп,
Құдаш аға, өзіңсің менің көкем!



ҚАЗАҚ

Мекенім –Тұран,
Сойым бар – түркі.
Кітабым – Құран,
Жұмақтың кілті.

Мемлекет құрғам,
Бес ғасыр бұрын!
Одан да бағзы,
Сақ пенен Ғұным.

Орысты жаншып,
Қытайды қырғам!
Алшайып жүріп,
Талтайып тұрғам!

Күн астын көргем,
Ай астын шаң қып.
Қыздарын берген,
Көгерге, Таңғұт.

Әлемді жаулап,
Тасыдым толдым.
Дұшпаным қарғап,
Бодан да болдым.

Басталды қайта,
Мәңгілік кезең!
Мәңгілік Қазақ,
Білемін, сезем!



ШАХМАТ

Біле алмаймын, қайсы жеңер сатылап,
Менің әрбір қимылымды бақылап,
Екі иығымда қос періште арбасып,
Ойнап отыр шахмат...



ТАҒДЫР

Біреулер күледі,
Біреулер жылайды.
Біреуер тұрады,
Біреулер құлайды.

Біреулер терлейді,
Біреулер тоңады.
Біреулер гүлдейді,
Біреулер солады.

Біреулер еңбекқор,
Біреулер еріншек,
Біреулер байырғы,
Біреулер келімсек.

Біреулер биікте,
Біреулер еңісте.
Біреулер – күнаһар,
Біреулер – «періште».

Біреулер көрмейді,
Біреулер көреді.
Біреулер туады,
Біреулер өледі.

Біреулер сұрақсыз,
Біреулер сұрақта.
Біреулер – тозаққа,
Біреулер – жұмаққа.

Жалпының тағдыры –
ЖАЛҚЫНЫҢ қолында!
Біреулер тағдыры –
БІРЕУДІҢ қолында!



ӨЗІҢ ДЕП ЖАЗАЙЫН...

Осынау опасыз тірліктен,
Мазасыз боп барам шын тіптен.
Қол сілтеп у-шу мен дырдуға,
Аллаһым, жалғыз тек жыр күткем.

Қыз-қырқын, қызықтан жалығып,
Жаратқан, сыйыңды сағынып.
Ешкімге ұқсамас жыр жазсам,
Деп едім ағымнан жарылып.

Жан Алла, қол ұшын берші енді,
Көтеріп еңкіштеу еңсемді.
Ал, үзең шабыттың желісін,
Бақұлмын бірге қи желкемді.

Жан Алла,
Мезгілсіз мұңайып, мұңданып,
Әйтпесе ,кетермін жынданып.
Жырлайын өзінді, мына әлем –
Онсыз да жатыр ғой жырланып.

Қуана жанарым дымданып,
Бақыттың әуені тыңдалып.
Жазайын, сағым боп, Жаратқан,
Сен тұршы жымия нұрланып.
Өзің деп жазайын...



МАЗМҰНЫ:

АЛҒЫ СӨЗ.....	3
АУЫЛДАҒЫ БАЛАЛЫҚ.....	10
КӨКШЕТАУ.....	12
КВАРТИРАНТ.....	14
ЖАНАЙҚАЙ.....	16
НЕ ДЕГЕН АДАМСЫҢДАР?!.....	18
АУЫЛ СУРЕТТЕРІ.....	20
КӨШ.....	21
МЕН ҒАШЫҚ БОЛДЫМ САҒАН!.....	22
БІР ҚЫЗ.....	23
ҚЫС.....	25
ЖАҢА ЖЫЛ.....	26
ГҮЛ САТУШЫ.....	27
АЛМАТЫҒА КЕТКІМ КЕЛЕДІ.....	28
СЕЗІМ БҰЛТЫ.....	29
ЖАННАҒА.....	30
ДҮКЕНДЕГІ ДИАЛОГ.....	31
ҮНСІЗДІК.....	32
КЕТЕМ!.....	33
КӨК БӨРІЛЕР ПАТШАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ АЛЛЕГОРИЯ.....	34
ҚҰДАЛЫҚ.....	37
АНТОНИМ.....	39
ТӨРТ ҚАЗ ТУРАЛЫ ХИКАЯ.....	40
САЯХАТ.....	42
АУЫЛДЫҢ БАЛАСЫМЫН.....	43
АУЫЛДЫ САҒЫНУ.....	44
АУЫЛҒА СӘЛЕМ.....	45
ТҮН немесе АУЫЛҒА ДЕГЕН САҒЫНЫШ.....	46
ӨМІР.....	47
НЕКЕ.....	48
ЖОЛ.....	49
АҚ КӨЙЛЕК.....	50
ӨСЕК.....	51
БІРҮЗІКСЫР.....	52
ҚОШ БОЛ.....	53
ТҮН ТҰҢҒИЫҒЫНДА.....	54
ЖҮЗІК.....	55
ҚОЛШАТЫР.....	56
ҚҰДАШ АҒАМА!.....	57
ҚАЗАҚ.....	59
ШАХМАТ.....	60
ТАҒДЫР.....	61
ӨЗІҢ ДЕП ЖАЗАЙЫН.....	62

Қуаныш ОСПАН

АУЫЛДЫҢ БАЛАСЫМЫН
(Өлеңдер)

Редакторы: **Алмас ТЕМІРБАЙ.**
Тех. редакторы: **Мерген ТОҚСАНБАЙ.**
Дизайнері: **Татьяна ЯКОВЛЕВА.**
Корректорлары: **Нұрболат ӘЛМЕН,**
Бақытбек БЕКМҰРАТ.

Басуға 11.02.16 қол қойылды.
Формат 70x90/32
Шартты баспа табағы,
4 бт. Тапсырыс № 111.

ТОО «OLIVIN» баспасы. Көкшетау қ.
Есенберлин көшесі, 111 үй.
Тел.: +7 (7162) 40 23 32,
olivin5@mail.ru



Қуаныш Ерсалұлы ОСТ

1988 жылы 9-сәуірде бұрынғы Семей облысы, Уәлиханов ауданы, Қызылжар ауылында дүниеге келген. 2000 жыл аралығында «Қостанай академиясының филология бөлімінде білім алған. Қазіргі таңда облыстық және аймақтық жыр-мұрагерлерінің, нағыз «Жас қаламгер» ұжымының мүшесі. «Қостанай жас ақындары» журналының «Жыр маржаны» атты Қазақстан Республикасының Х томдық антологиясына енгізіліп, жарық көрген «Жыр-керуен» еңбегінің авторы.